КЕАҚ «Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті»
Химиялық және биологиялық технологиялар институты

Жұмыс оқу бағдарламасы
CURRICULUM PROGRAM

«ХИМИЯЛЫҚ ЖӘНЕ БИОХИМИЯЛЫҚ ИНЖЕНЕРИЯ»

Инженерия және инженерлік іс саласындағы
Техника және технологиялар бакалавры

2-ші басылым
2018 жылғы жоғары білім беру МЖБС сәйкес

Алматы 2020

Бағдарлама келесі тараптармен әзірленді және қол қоылды:

Қ.И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ-нен:

1. ХжБИ кафедра мңгерушісі _____ Елигбаева Г.Ж.

2. ХжБТ Институт директоры _____ Туйебахова З.К.

Жұмыс берушілерден:

1. «А.Б. Бектуров атындағы химиялық ғылымдар институты» АҚ,
   ҚР ҰҒА корр-мүшесі, т.ғ.д., профессор _____ У.Ж.Джусипбеков

2. «Organic» мұнай өнімдерін сараптаудың тәуелсіз орталығы» ЖШС, Директоры _____ А.А. Калмуратова

3. «Қазақстан Қолданбалы Экология Агенттігі» ЖШС, бас маманы ҒТК Ғылыми хатшысы, т.ғ.к. _____ Ж.А. Дюсенова

Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Оқу әдістемелік кеңесі отырысында бекітілген. Хаттама №4 14.01.2020 ж.

Квалификация:
6 деңгей Ұлттық квалификация шеңберінде:
6В071 Инженерия және инженерлік іс (бакалавр):
6В07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы
6В051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар (бакалавр)
6В052 Қоршаған орта (бакалавр)
6В05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика

Кәсіби құзыреттері:
- химиялық өндірістердің технологиялық процестерін басқару және ұйымдастыру; дайын өнім мен материалдардың, бастапқы өнімнің сапасын бақылауды жүзеге асыру; технологиялық процестердің экономикалық тиімділігін, жаңа технологияларды енгізу кезіндегі инновациялық-техноогиялық тәуелкелді бағалау;

- тектік және жасушалық инженерияны, биокатализ және биосинтезді қолдана отырып биотехнологиялық өндірістің сапасын басқару және іске қосу; биосинтез және биотрансформация өнімдерін, өсімдіктер және жануарлар жасуша культурасын, микроағзалар, вирустар, ферменттерді қолдану және зерттеу, алу; өнім мен шикізат сапасын бақылауды жүзеге асыру;
- табиғатты пайдалануды басқару, қоршаған орта мониторингі, экологиялық инженерия, экологиялық жобалау және сараптама, экология-экономикалық тиімділікті және экологиялық тәуекелді бағалау.

Мазмұны

1	БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ	5
1.1	Білім беру бағдарламасын әзірлеудің мақсаты	5
1.2	Білім беру бағдарламасын әзірлеудегі нормативті құжаттар	5
1.3	Кәсіби қызметінің сипаттамасы	6
1.4	Білім беру бағдарламасының мақсаты	8
2	АКАДЕМИЯЛЫҚ ТАЛАПТАР	11
2.1	Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар	11
2.2	Оқуды аяқтауға және диплом алуға қойылатын талаптар	15
2.3	Білім, білік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің дескрипторлары	15
2.4	Оқуды аяқтау бойынша құзыреттер	17
2.5	Қосымша Minor дәрежесін алу саясаты (degree)	20
2.6	ECTS стандарты бойынша дипломға қосымша	20
3	"Химиялық және биохимиялық инженерия" білім беру бағдарламасының оқу жоспары және элективтік (таңдау) пәндер	22
4	Пән сипаттамасы	28
	Қосымша 1	74
	Қосымша 2	75
	Қосымша 3	76

1 БАҒДАРЛАМАНЫҢ ҚЫСҚАША СИПАТТАМАСЫ

1.1 Білім беру бағдарламасын әзірлеу мақсаты

Білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – ББ) – бұл Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Зерттеу Техникалық Университеті әзірлеген және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен құжаттар жиынтығы. ББ-да өндірлік еңбек нарығының қажеттіліктері, мемлекеттік органдардың талаптары және тиісті салалық талаптар ескеріледі. ББ тиісті саладағы жоғары кәсіптік білім беру үшін мемлекеттік білім беру стандартына негізделеді.

ББ бағдарламалық білім беру мақсаттарын, студенттерді оқыту нәтижелерін, білім беру процесін жүзеге асыру үшін қажетті шарттарды, мазмұны мен технологияларын, оқу кезінде және бітіргеннен кейін білім алушылардың сапасын бағалау мен талдауды анықтайды.

ББ студенттердің сапалы білімін қамтамасыз ету үшін оқу бағдарламасын, пәндер мазмұнын және оқу нәтижелерін және басқа да жадығаттарды қамтиды.

"Химиялық және биохимиялық инженерия" ББ-ны әзірлеудің мақсаты студенттерге, оқытушыларға және салалық сарапшыларға оқу процесінің құрылымын түсінуге және оқу бағдарламасы мен курстың мазмұны студенттердің оқуын бітіргеннен кейін қажетті негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруға қалай ықпал ететінін көрсетуге көмек көрсету болып табылады. Сондай-ақ ББ-ның маңызды мақсаты үкіметті, мемлекеттік органдарды, университеттерді, ата-аналар мен студенттерді және қоғамдастықты қоса алғанда, барлық мүдделі тараптар үшін "химиялық және биохимиялық инженерия" дайындау бағдарламасының жүзеге асырылуының және қажеттілігінің жалпы негізін белгілеу болып табылады.

1.2 Білім беру бағдарламасын әзірлеуге арналған нормативтік құжаттар

Осы білім беру бағдарламасын әзірлеудің нормативтік құқықтық базасын құрайтыны:

- "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жоғары оқу орындарының дербестігі мен еркіндігін арттыру жөніндегі заңнамалық өзгерістер шеңберіндегі өзгерістер мен толықтырулармен бірге 04.07.18 ж. № 171-VI;
- "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жоғары оқу орындарының академиялық және басқарушылық еркіндігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 04.07.18 ж. №171-VI;
- "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.18 жылғы № 595 бұйрығы;

- Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.10.18 ж. №604 бұйрығына 7-қосымша);

- Білім алушыларды білім беру ұйымдарының түрлері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 19 бұйрығы және өзгерістер мен толықтырулары туралы 31.10.18 ж. №601 бұйрығы;

- Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Зерттеу Техникалық Университетінің ректоры бекіткен 2019-2020 жылдарға арналған "химиялық және биохимиялық инженерия" білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспары;

- Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде білім беру үдерісін ұйымдастыру бойынша СМЖ жүйесінің құжаттары (Сапа Менеджменті Жүйесі).

1.3 Кәсіби қызметінің сипаттамасы

6В071 – Инженерия және инженерлік Іс, 6В051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар, 6В052 Қоршаған орта дайындау бағыты бойынша осы бағдарлама түлектерінің *кәсіби қызмет саласы* келесілерді қамтиды:

- химиялық, физикалық және физика-химиялық процестердің көмегімен ҚР табиғи, синтетикалық және техногенді шикізаттарынан көп функционалды әсер ететін органикалық және бейорганикалық заттар мен материалдарды, соның ішінде наноматериалдарды алу әдістері, тәсілдері және құралдары; биоконструкциялық, биоөндірістік, биоэнергетикалық және биоконструкциялық үдерістер мен технологияларда ферменттерді, вирустарды, микроорганизмдерді, өсімдіктер мен жануарлардың жасушалық дақылдарын, олардың биосинтез өнімдерін және биотрансформациясын алу, зерттеу және қолдану, шикізат пен өнімнің сапасын бақылауды ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ қоршаған ортаны "жасыл" қорғау саласындағы мониторингтің экологиялық қызметін және табиғи ортаның сапасын бақылауды қоса алғанда, өндірістерді экологиялық-нормативтік жобалау.

6В071 – Инженерия және инженерлік Іс, 6В051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар, 6В052 Қоршаған орта дайындау бағыты бойынша осы бағдарлама түлегінің кәсіби қызметі ҚР табиғи, синтетикалық және техногенді шикізат базасында пайдалану сипаттамаларының берілген кешені бар органикалық және бейорганикалық заттар мен материалдарды өндірудің заманауи технологияларын жүзеге асыруға; қазақстандық және халықаралық сапа стандарттарының талаптарына сәйкес биосинтез, биокатализ, тектік және жасушалық инженерияны пайдалана отырып өнім алу технологияларын жүзеге асыруға бағытталған; қоршаған ортаның жай-күйіне ықтимал қауіп төндіретін объектілерді бақылау қызметтерін жоспарлауға, ұйымдастыруға және басқаруға, сондай-ақ

экожүйелердің тозуын болдырмау, шөлейттену және биологиялық алуандықты сақтау мақсатында табиғи ортаның сапасын нормалаудың практикалық ұсыныстарын әзірлеуге.

6В071 – Инженерия және инженерлік Іс, 6В051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар, 6В052 Қоршаған орта дайындау бағыты бойынша "Химиялық және биохимиялық инженерия" ББ-ны бітіргеннен кейін түлек әртүрлі меншік нысанындағы химиялық және мұнай-химия саласындағы өнеркәсіптік орындарда, биотехнологиялық кәсіпорындарында, сондай-ақ әр түрлі өнеркәсіп саласындағы кәсіпорындарды экологиялық-нормативтік жобалау және экологиялық мониторинг секторында кәсіби қызметті жүзеге асыра алады.

Кәсіби қызмет нысандары: бейорганикалық қышқылдар, негіздер, тұздар, минералды тыңайтқыштар, уран және сирек кездесетін металл қосылыстары өндірісі бойынша кәсіпорындар, өнеркәсіптің тау-кен өндіру салалары, мұнай, газ және мұнай-химия өнеркәсібінің ұлттық және шетелдік кәсіпорындары, ғылыми-зерттеу институттары мен зертханалар, инжинирингтік компаниялар, сондай-ақ биотехнологиялық, биологиялық, медициналық, ауыл шаруашылығы және техникалық түріндегі институттар мен жоғары оқу орындары; тау-кен өндіру, металлургия, мұнай-газ, химия, ауыл шаруашылығы, тамақ және қайта өңдеу, микробиология, фармацевтика және косметикалық өнеркәсіп орындары мен зертханалары, кедендік, санитарлық және коммуналдық қызметтер.

Кәсіби қызмет заттары мен пәндері: негізгі мұнай-химия, органикалық және бейорганикалық синтез өнімдері, жаңа бейорганикалық материалдар, химиялық және мұнай-химия зауыттарының аппараттары мен жабдықтары, шикізат және қосалқы материалдар мен заттардың әртүрлі типтері, химиялық реагенттер мен реактивтер; биотехнологияда қолдану үшін микробтық, өсімдік, жануар тектес биологиялық объектілер, органикалық және бейорганикалық текті биологиялық белсенді заттар; табиғи және техногендік шикізат негізінде биотехнологиялық процестерді жүргізуге арналған биомассалар, қондырғылар мен жабдықтар, шикізат пен өнім сапасын бақылау құралдары; табиғи ортаның сапасын нормалау жөніндегі практикалық ұсыныстарды әзірлеу үшін қоршаған ортаның жай-күйіне ықтимал қауіп төндіретін объектілер.

Кәсіби қызмет түрлері: 6В071 – Инженерия және инженерлік Іс, 6В051 Биологиялық және сабақтас ғылымдар, 6В052 Қоршаған орта дайындау бағыты бойынша "Химиялық және биохимиялық инженерия" ББ бітірген бакалавр кәсіби қызметтің келесі түрлеріне дайындалады:

- өндірістік-технологиялық;
- ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет,
- ғылыми-зерттеу;
- жобалау-конструкторлық.

1.4 Білім беру бағдарламасының мақсаты

«6В071 Инженерия және инженерлік Іс» бағытының бірінші циклының "Химиялық және биохимиялық инженерия" білім беру бағдарламасының миссиясы ғылыми-техникалық прогрестің инновациялық дамуын және қоғамның өмір сүру деңгейін арттыруды анықтайтын, жаңа технологияларды іске асыруға, жобалауға, эксперименталдық жұмысқа, жабдықтарды пайдалануға, ауқымды өту проблемаларын шешуге қатысуға, өнеркәсіптік мұнай-химия және химия-технологиялық және биотехнологиялық өндірістерді, биотехнологиялық процестерді, материалдар мен аппараттарды басқаруға, оңтайландыруға және жаңғыртуға қабілетті бірінші деңгейлі мамандарды дайындауды қамтамасыз ету болып табылады.

Осы миссияға сәйкес осы ББ-ның негізгі мақсаттары:

– түлегінің кәсіби қызметінің міндеттерін шешу үшін қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру, кәсіби қызмет саласын таңдау және жеке және кәсіби қасиеттерін жетілдіру мүмкіндігін бере отырып, құзыреттілікті меңгеру деңгейін бақылауды қамтамасыз ету;

– химия және биохимиялық инженерия саласындағы бакалаврларды өнеркәсіптің әр түрлі салаларындағы ғылым мен өндірістің дамуына, сондай-ақ Қазақстан өнеркәсібінің химия, мұнай-химия және биотехнологиялық салаларының, ұлттық ғылыми-зерттеу орталықтарының, жоғары оқу орындарының магистратурасы мен докторантурасының қажеттіліктеріне сәйкес әлеуметтік-гуманитарлық және кәсіптік даярлау;

- бакалаврларды дайындау – шикізат базасын білетін технологтарды, шикізат пен тауар өнімдерінің сапасын аналитикалық бақылау әдістерін, физика, математика, химия бойынша іргелі дайындықтары бар органикалық және органикалық емес заттар мен материалдарды алу және тұтыну саласын және алу технологиясын, органикалық және органикалық емес заттардың маңызды кластарын алу технологияларының физика-химиялық негіздерін, ядролық химиялық технология негіздерінің бойынша іргелі дайындықтары бар; минералдық тыңайтқыштар, композициялық материалдар, тұтқыр, силикатты материалдар, сирек металды қосылыстар өндіру негіздерінің бойынша іргелі дайындықтары бар; еріткіштер, лактар, бояғыштар, синтетикалық отындар, бұрғылау және тампонаждық ерітінділерді, полимерлерді, дәрілік препараттарды, тағамдық және азықтық қоспаларды, өсімдіктердің өсуін реттегіштерді алу бойынша іргелі дайындықтары бар технологтарды;

– критикалық талдау әдістерін білетін және оларды әртүрлі өнеркәсіп салаларының кәсіпорындарында экологиялық міндеттерді шешу кезінде іс жүзінде қолдана алатын; іс-шараларды таңдауды негіздеу мақсатында табиғатты қорғау іс-шараларын әзірлеу кезінде технологиялық жүйелердің негізгі параметрлерін есептеу техникасын меңгерген, сондай-ақ зертханалық зерттеулер

жүргізу үшін тиісті дайындығы бар бакалаврларды дайындау;

– биотехнологиялық түріндегі кәсіпорындарда технологиялық процестерді ұйымдастыруға және жүргізуге қабілетті бакалаврларды дайындау, заңнамалық және нормативтік актілердің талаптарына сәйкес өндірістің әртүрлі салаларының кәсіпорындарында биотехнологиялық сұлбаларды әзірлеу және жобалау; биология, биотехнология және елдің биологиялық және химиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында зерттеулер жүргізуге қабілетті бакалаврларды дайындау;

– химиялық инженерия саласындағы мәселелерді талдауға және оларды шешу жолдарын табуға, химиялық және мұнай-химия өндірістерін жобалаудың инженерлік міндеттерін шешуге, Ақпараттық технологиялар мен экспериментті математикалық жоспарлау әдістерін пайдалана отырып жаңа бейорганикалық және органикалық заттар мен материалдардың қасиеттерін синтездеу және зерттеу саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін білімді, дағды мен іскерлікті қамтамасыз ету;

– молекулалық және жасушалық биотехнология әдістері негізінде биологиялық объектілердің тіршілік әрекетінің қасиеттері мен процестерін эксперименталды зерделеуді жүргізуге мүмкіндік беретін білімді, дағдылар мен іскерлікті қамтамасыз ету; биологиялық объектілерді өсірудің оңтайлы жағдайларын талдау және таңдау; биотехнологиялық әдістер мен процестердің тиімділігін жетілдіру және арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеу; қоршаған ортаны қорғау үшін биотехнологияның жетістіктерін қолдану;

– экологиялық бағыттағы мәселелерді шешуде әр түрлі жағдайларда бағдарлануға мүмкіндік беретін білімді, дағды мен іскерлікті қамтамасыз ету, ҚР экономикасының индустриялық секторының әр түрлі салалары үшін табиғатты қорғау іс-шараларын жобалау бойынша инженерлік міндеттерді шешу қабілетті қамтамасыз ету, табиғи және қайталама ресурстарды кешенді және ұтымды пайдалану, сондай-ақ техногендік қалдықтарды қайта өңдеу саласында ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу қабілетті қамтамасыз ету;

– студенттерді жұмыс істеп тұрған өндіріс жағдайында кәсіби қызметке дайындау, еңбек және өндірістік тәртіптің қажетті деңгейін қолдау бойынша дағдылар мен іскерлікті қалыптастыру; өндірістің техникалық-экономикалық талдауын жүргізу; әртүрлі пікірлер жағдайында басқарушылық шешімдерді қабылдау және іске асыру бойынша дайындау.

Білім беру бағдарламасының міндеттері:

- Қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму заңдары, тарих, замануи ақпараттық технологиялар, мемлекеттік тіл, шет және орыс тілдері негізінде әлеуметтік-гуманитарлық білім беруді қамтамасыз ету үшін жалпы білім беретін пәндер циклін оқу.

- Кәсіби білім берудің негізі ретінде жаратылыстану-ғылыми, жалпы техникалық және экономикалық пәндер білімін қамтамасыз ету үшін базалық пәндер циклін оқу.

- Химиялық инженерия және инженерлік Іс саласында; биосинтез саласында; биосинтез және биотрансформация өнімдерін бөлу, сәйкестендіру және талдау саласында; жаңа биопрепараттар алу және оларды қолданудың оңтайлы тәсілдерін анықтау саласында; қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында кәсіби пәндер циклін оқу.

- Зерттеу жүргізуді жоспарлау және ұйымдастыру, сонымен қатар замануи компьютерлік технологиялар мен бағдарламаларды пайдалана отырып, технологиялық сұлбаларды, жабдықтар мен аппараттарды жобалау бойынша білімді, дағдылар мен іскерлікті қалыптастыратын пәндерді оқу.

- Өндірістік практикаларды өткізу кезеңінде химиялық және мұнай-химия зауыттарының химиялық-технологиялық процестерімен және жабдықтарымен, биотехнологиялық өндірістің процестері мен жабдықтарымен танысу.

- Бастапқы шикізат пен тауар өнімдерінің сапасын заманауи аналитикалық бақылау, қоршаған орта компоненттерінің, шикізат пен өнімдердің жай-күйін химиялық-техникалық, биохимиялық және биологиялық бақылау дағдылары мен іскерлігін алу.

- Экологиялық жүйелерге шаруашылық және өзге де қызметтің әсерін бағалауды жүргізу үшін, экологиялық сараптама және экологиялық тәуекелдерді бағалау үшін, экологиялық-нормативтік құжаттаманы және экологиялық есептіліктің барлық түрлерін жасау үшін дағдыларды игеру.

Байланыс ақпараты

Гүлжахан Елигбаева, "Органикалық заттар мен полимерлердің химиялық технологиясы" кафедрасының меңгерушісі (ПжОЗХТ), Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ

Сәтбаев көшесі 22, бас оқу ғимараты, 1029-каб.

тел.: 8-727-257-7061

email: Gulzhakh@yandex.ru

2 АКАДЕМИЯЛЫҚ ТАЛАПТЕР

2.1 Оқуға түсушілерге қойылатын талаптар

Жоғары оқу орнына түсу толық орта, орта-арнайы білім беру орындарын бітірген талапкерлердің өтініштері бойынша ұлттық бірыңғай тестілеу кезінде конкурстық тестілеудің нәтижелері бойынша ең төменгі бағалау - кемінде 65 балл болатын берілген сертификатнегізде жүзеге асырылады.

Колледждер, 12-жылдық мектептер, қолданбалы бакалавриат бағдарламалары, "НЗМ" және т. б. түлектерге бағдарламаға түсуге қойылатын арнайы талаптар қолданылады. Мұндай талапкерлер ағылшын тілі, математика, физика және арнайы пәндерден диагностикалық тестілеу өтуі тиіс.

Кесте 1 – 12 жылдық орта, орта-техникалық және жоғары білім беру жедел (қысқартылған) негізінде оқытуда кредиттерді қайта есептеу ережесі

Код	Құзырет түрі	Құзырет сипаты	Құзырет нәтижесі	Жауапты
ЖАЛПЫ (Білім деңгейіне байланысты қосымша оқу мүмкіндігі бар толық оқуды білдіреді)				
G1	Коммуникативтік	ауызша, жазбаша және коммуникативтік монотілдік әлсіз дағдылар; - екінші тілді жақсы коммуникация қабілеті; - әр түрлі жағдайларда коммуникативтік қарымқатынас пайдалану қабілеті; - ана тілінде академиялық хат жазу негіздері бар; - тілі деңгейіне диагностикалық тест	Екініші тіл деңгей ілгері студенттің кредиттерін қайта есептеу мүкіндігімен толық 4 жылдық оқу, кем дегенде 240 академиялық кредиттер игеру(оның ішінде 120 байланыс аудиторлық академиялық кредиттер). Тіл деңгейі диагностикалық тестарқылы анықталынады.	Қазақ және орыс тілі кафедрасы, ағылшын тілі кафедрасы
G2	Математикалық сауаттылық	- коммуникациялық деңгейде базалық математикалық ойлау - алгебраның математикалық аппараты және математикалық талдау негізінде ситуациялық проблемалар шешу қабілеті; - алгебра бойынша	Толық 4 жылдық оқытуға кем дегенде 240 академиялық кредиттер игерумен (оның ішінде 120 байланыс аудиторлық академиялық кредиттер) Диагностикалық тесті оң нәтижеге тапсыру жағдайында деңгей - математика 1, теріс	Математика кафедрасы

		математикалық сауаттылыққа диагностикалық тест	нәтижеде деңгейі - алгебра және анализ бастамалары	
G3	Жаратылыстану-ғылыми пәндерден базалық сауаттылық	-, , негізгі ғылыми заңдар мәнін және әлемнің ғылыми бейнесін түсіну базалық түсіну; - базалық гипотезалар, заңдар, әдістерді, қорытындыларды тұжырымдау және қателіктерді бағалау	Толық 4 жылдық оқытуға кем дегенде 240 академиялық кредиттер игерумен (оның ішінде 120 байланыс аудиторлық академиялық кредиттер) Диагностикалық тесті оң нәтижеге тапсыру жағдайында деңгей - Физика 1, Жалпы химия, теріс нәтиже деңгейі - физика басталуы және базалық химия негіздері	Жаратылыстану ғылымдары бағытындағы кафедралар
ЕРЕКШЕ (Білім деңгейіне байланысты және құзыреттері бойынша 12-ші жылдық мектептер, колледждер, жоғары оқу орындары, соның ішінде гуманитарлық-экономикалық бағыттағы бітірушілердің кредиттерді қайта сынау есебінен қысқартылған оқытуды білдіреді)				
S1	Коммуникативтік	-жазбаша және коммуникативтік екі тілді әлсіз дағдылар; - үшінші тілді жақсы коммуникацияның қабілеті; - әр түрлі стильдегі және жанрдағы мәтінін жазу дағдысы; - белгілі бір күрделілік деңгейіндегі (эссе) өзіндік жұмыстарды терең түсіну мен түсіндіру дағдылары; - базалық эстетикалық және теориялық сауаттылығы түпнұсқалық мәтінді толық-құнды қабылдау, түсіндіру шарты ретінде	Тіл бойынша кредиттерді толық қайта есептеу (қазақ және орыс тілдері)	Қазақ және орыс тілі кафедрасы
S2	Математикалық сауаттылық	- индукция және дедукция, жалпылау және нақтылау, талдау және синтез, жіктеу мен жүйелеу, абстракциялау және ұқсастық пайдалана отырып	Математика (Calculus) I бойынша кредиттерді толық қайта есептеу	Математика кафедрасы

		арнайы математикалық ойлау қабілеті; -ережелері тұжырымдау, негіздеу және дәлелдеу қабілеті; -математикалық есептер үшін формулаларды және кеңейтілген кеңістіктік қабылдауды, жалпы математикалық ұғымдарды қолдану; - математикалық талдау негіздерін толық түсіну		
S3	Жаратылыстану-ғылыми пәндерден (Физика, Химия, Биология және география) арнайы сауаттылық	- табиғи құбылыстарды түсінуді болжайтын әлемнің құрылымын кеңінен ғылыми қабылдауы; - қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіну үшін сыни қабылдау; - материяның өмір сүру, оның табиғатқа өзара іс қимылын ғылыми түсінуін тұжырымдау танымдық қабілеттері	Физика I, Жалпыхимия, Жалпы биология, Геологияға кіріспе, Геодезияға кіріспе; Оқу практикасы және т.б. пәндер кредиттерді қайта есептеу	Жаратылыстану ғылымдары бағытындағы кафедралар
S4	Ағылшын тілі	- ағылшын тілінде түрлі салаларында одан әрі өзіндік оқуға дайындығы; - ағылшын тілін пайдалана отырып жобалық және зерттеу жұмыстарында тәжірибе алу дайындығы	Академиялық деңгейінен жоғары кәсіптік деңгейге дейінгі ағылшын тілі кредиттерді қайта есептеу (15 кредитке дейін)	Ағылшын тілі кафедрасы
S5	Компьютерлік дағдысы	- бір қазіргі заманғы тілде базалық бағдарламалау дағдылары; - әр түрлі пәндер оқыту үшін софт мен қосымшаларды пайдалану	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар пәні бойынша кредиттерді қайта есептеу	Программалық Инженерия кафедрасы
S6	Әлеуметтік-гуманитарлық құзыреті және мінез-құлық	- әр азаматтың еліміздің және әлем дамуына жауаптылығын түсінуі және ұғынуы; - қоғамда, ғылым мен	Қазіргі Қазақстан тарихынан кредиттерді қайта есептеу (мем.емтиханды есепке алмағанда)	Қоғамдық пәндер кафедрасы

		мәдениетте этикалық және моральдық аспектілерін талқылау қабілеті		
		- қазіргі заманғы ғылыми гипотезалар және теориялары бойынша сыни түсіну және дебаттар үшін айтысу қабілеті	Философия және басқа да гуманитарлық пәндерден кредиттерді қайта есептеу	
КӘСІПТІК (білім деңгейіне құзыреттері бойынша колледж АВ мектептер, жоғары оқу орын түлектері үшін кредиттерді қайта есептеу есебінен қысқартылған оқытуды білдіреді)				
P1	Кәсіптік құзыреттер	- кәсіби құзыреттіліктің 5 немесе 6 деңгейінде сыни қабылдау және түсіну; - игерілген бағдарлама шеңберінде кәсіби мәселелер бойынша талқылау және айтысу қабілеті	Базалық кәсіби пәндерден мамандыққа кіріспе, инженерлік этика, технология роботтандырылған өндіріс, технологиялық объектілерді автоматтандыру, электротехниканың теориялық негіздері, технологикалық және өлшеу аспаптары, математикалық басқару теориясының негіздері, электронды автоматика құрылғылары пәндерін қоса алғанда кредиттерді қайта есептеу.	Шығарушы кафедра
P2	Жалпы инженерлік құзыреттер	- негізгі жалпы инжеренерлік дағдылары мен білімі, жалпы инжеренерлік міндеттерді және мәселелерді шешу іскерлігі; - эксперименттік деректер өңдеу үшін қолданбалы бағдармалар пакеттерін қолдана білу алгебралық және дифференциалдық теңдеулер жүйесін шешу	Жалпы инженерлік пәндерден кредиттерді қайта есептеу (инженерлік графика, сызба геометрия негіздері, электротехника негіздері, микроэлектроника.)	Шығарушы кафедра
P3	Инженерлік компьютерлік құзыреттер	- жалпы инженерлік мәселелерді шешу үшін негізгі компьютерлік	компьютерлік графика, CAD негіздері, CAE негіздері және т.б.	Шығарушы кафедра

		бағдарламалар мен софт жүйелерін пайдалану дағдылары	пәндерден кредиттерді қайта есептеу	
Р4	Инженерлік қызметтік құзыреттер	- жалпы инженерлік тапсырмаларды шешуде зертханалық және техникалық құралдарды пайдаланудың дағдылары	зертханалық бағыттағы оқу пәндері бойынша кредиттерді қайта есептеу: зертханалық немесе аналитикалық химия, зертханалық физика және т.б.	Шығарушы кафедра
Р5	Әлеуметтік-экономикалық құз ыреттер	- қазіргі заманғы әлеуметтік және экономикалық мәселелер сыни түсіну және танымдық қабілеттерін талқылау; - экономикалық бағалау объектілерін зерделеу және сала жобаларының рентабельділігін базалық түсіну.	әлеуметтік-гуманитарлық және техникалық-экономикалық пәндер бойынша элективті цикл есептей отырып кредиттерді қайта есептеу	Шығарушы кафедра

Егер диагностикалық деңгейі төмендігі дәлелденсе немесе аяқталған пәндер бойынша қорытынды баға А және В төмен болса университеткредиттерді қайта есептеуден бас тартуы мүмкін.

2.2 Оқуды аяқтау және диплом алу үшін талаптар

ЖОО бітіруге және бакалавр академиялық дәрежесін беру үшін жалпыға міндетті типтік талаптар: кемінде 240 академиялық кредит теориялық оқыту және қорытынды дипломдық жұмыс немесе мамандық бойынша мемлекеттік емтихан игеру.

Білім алу үлгісі: күндізгі бөлім

Білім алу уақыты: 4-7 жыл.

Білім алу тілі: қазақ, орыс, ағылшын тілі (50% аса)

2.3 Білім алу, біліктілік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің дескрипторлары

А – білу және түсіну:

А1 – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін қажетті көлемде химиялық және биохимиялық инженерияның концепциялары, теориялары мен қағидалары негізіндегі математика, физика, химия, биология және информатиканың классикалық нәтижелерін білу және түсіну;

А2 – химиялық және биохимиялық инженерияның негізгі концепцияларын, теориялары мен принциптерін білу және түсіну;

А3 – негізгі экономикалық, әлеуметтік, экологиялық, этикалық қағидаларды білу және түсіну, сондай-ақ инженерлік шешімдер шығаруға әсер ететін қауіпсіздік пен тұрақты даму басымдықтарын түсіну;

А4 – инженерлік саладағы компьютерлік технологиялар мүмкіндіктерін білу, химиялық және биохимиялық инженерия саласындағы инженерлік және ғылыми қызметті қолдауға арналған Интернет-коммуникацияларды, деректер базасын және негізгі бағдарламалық өнімдерді пайдалану дағдысының болуы;

А5 – химиялық және биохимиялық инженерия саласындағы технологиялық процестердің кезеңдері мен ерекшеліктерін, өндірістік процестердің теориялық негізін, технологиялық сызбанұсқасын білу және түсіну;

А6 – технологиялық жабдықтың, аппараттардың құрылысы мен жұмыс істеу принциптерін, құрал-жабдықтарды пайдаланудың конструктивтік ерекшеліктері мен режимдерін білу және түсіну;

А7 – химиялық және биохимиялық өндірістерді дамытудың келешектегі бағыттары, жүйелік талдау және жобалау әдістемесін білу;

А8 – табиғатты қорғау іс-шараларын таңдауды негіздеу және әзірлеу кезінде технологиялық жүйелердің негізгі көрсеткіштерін базалық есептеуді білу және түсіну.

В – білім мен түсінікті қолдану

В1 – теориялық және практикалық білімді қолдана отырып, кәсіби міндеттерді шешудің әртүрлі нұсқаларын өз бетінше әзірлеу және ұсыну;

В2 – кәсіби мәселелерді талдау үшін классикалық ғылыми білімді және дәстүрлі инженерлік тәсілдерді қолдану қабілеті;

В3 – химиялық және биохимиялық инженерияның кәсіби міндеттерін шешу үшін зертханалық және аналитикалық жұмыстың практикалық дағдыларын қолдану;

В4 – шет тілінде жазбаша және ауызша коммуникацияны пайдалану;

В5 – стандартты жағдайларда типтік кәсіби міндеттерді шешу кезінде теориялық білімдер мен практикалық дағдыларды қолдану; өнеркәсіптік өндірістің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін технологиялық жабдықтардың мониторингі;

В6 – технологиялық жабдықты есептеу және құрастыру кезінде жаңа химиялық және биохимиялық технологиялық процестерді әзірлеу немесе қолданыстағыларын жетілдіру кезінде білім мен түсініктерді қолдану;

В7 – бүкіл әлемдегі биотехнологияның негізгі тармағының даму деңгейлерін білу; биотехнологиялық препараттар мен өнімдерді алудың заманауи әдістерін білу; қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін биотехнологиялық әдістерді нақты қолданудың оңтайлы парадигмасын таңдау қабілеті; биотехнологиялық

міндеттерді шешу үшін физикалық, биологиялық, химиялық білім кешенін пайдалану.

С – пікір қалыптастыру

С1 – қойылған міндеттердің мақсатын тұжырымдай білу, оған қол жеткізу әдістері мен құралдарын таңдау;

С2 – сыни пікірлерді қалыптастыру қабілеті, ойлаудың икемділігі мен сыншылдығын көрсету;

С3 – кәсіби мәселелерді шешудің барлық мүмкін болатын жолдарын табу және қабылдау қабілеті;

С4 – химиялық және биохимиялық инженерия саласындағы кәсіби қызметтің түрлері мен міндеттері туралы пікір қалыптастыру.

D – жеке тұлғалық қабілеттер

D1 – топтасып жұмыс істеу кезіндегі өзара қарым - қатынас, түсіністік, басымдықтар туралы хабардар болу және қызметті ұйымдастыру негізінде топта жұмыс істей білу;

D2 – инженерлік қызметтің аралас салаларының мамандарымен өзара серіктестікте болу және техникалық ынтымақтастық қабілеті;

D3 – тұлға арасындағы өзара түсіністікті көрсете білу, жанжалдардың ұтымды шешілуіне дайындық, өзара тиімді нәтижеге қол жеткізу үшін келіссөздер жүргізу;

D4 – этикалық нормалар мен ережелерді сақтау және қолдау, толерантты мінез-құлық қағидаларын түсіну, тұрмыстық нәсілшілдіктің, ксенофобияның, экстремизмнің алдын алу және оларға қарсы тұру қабілеті;

D5 – жүйелік ойлау қабілеті, креативтілік, инновациялық қызметке қабілеттілік;

D6 – кәсіби қызметтің қиын жағдайында жаңа әдістер мен тәсілдерді қолдануға дайын екендігіне сену қабілеті, сыни сындарлы ойлауды көрсету қабілетке ие болуы.

2.4 Оқу бағдарламасын аяқтау барысындағы құзыреттер

Б – Негізгі білім, біліктілік және дағды

Б1 – ғылыми жаратылыстану пәндерінің (химия, физика, биология) негізгі заңдарын қолдану және химиялық және биохимиялық инженерия және өнеркәсіп саласындағы міндеттерді шешуде математикалық талдау және модельдеу әдістерін қолдану, жалпы техникалық міндеттерді шеше білу;

Б2 – қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалану қабілеті, химиялық және биохимиялық инженерия және табиғи орта мониторингі саласындағы технологиялық процестердің көрсеткіштерін, жабдықтардың

технологиялық көрсеткіштерін есептеу үшін қолданбалы бағдарламалар мен деректер базасын пайдалана отырып, ақпаратты өңдеу қабілеті;

Б3 – мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникативтік дағдыларды меңгеру;

Б4 – көмірсутекті, минералдық және биологиялық шикізатты өңдеу технологиялары саласындағы негізгі ғылыми - техникалық мәселелер мен даму перспективаларын білу, олардың сабақтас салалармен өзара байланысын білу;

Б5 – инженерлік шешімдерді техникалық-экономикалық және экологиялық талдауды жүзеге асыра білу;

Б6 – химиялық тәжірибе жүргізу дағдылары, заттар мен материалдарды алу және зерттеу әдістері, биосинтез процестерінің биохимиялық және биологиялық заңдылықтарын зерттеу, өсімдік және жануарлар жасушаларын in vitro өсіру технологиясының дағдылары;

Б7 – түрлі химиялық және биологиялық нысандармен қауіпсіз жұмыс істеу, тәжірибелер жүргізу кезінде құрылғыларда жұмыс істеу дағдысын қалыптастыру;

Б8 – табиғат қорғау іс-шараларын әзірлеудің негізгі әдістері мен тәсілдерін білу; табиғи ресурстарды ұтымды пайдалануға және қоршаған ортаға теріс әсерін төмендетуге мүмкіндік беретін өндірістік процестердің өзара байланысының мәні мен мәнін және олардың өнеркәсіптік өндірістің тиімділігіне әсерін түсіну.

П – Кәсіптік құзыреттер, оның ішінде салалық кәсіптік стандарттар талаптарына сәйкес (егер бар болса)

П1 – химиялық және биохимиялық инженерия саласындағы теориялық және практикалық білімнің кең ауқымы;

П2 – регламентке сәйкес технологиялық процесті жүзеге асыру және технологиялық процестің негізгі көрсеткіштерін, шикізат пен дайын өнімнің құрамы мен қасиеттерін өлшеу үшін техникалық құралдарды пайдалану қабілеті;

П3 – энергия және ресурстарды үнемдеу, қоршаған ортаға әсер етуді барынша төмендету тұрғысынан қолданыстағы технологиялық процестерді жетілдіруге және жаңа технологиялық процестерді әзірлеуге қатысу қабілеті;

П4 – күрделілігі әртүрлі деңгейдегі технологиялық процестерді жүзеге асыру қабілеті, жабдықтарды пайдалану және олардың қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

П5 – өндірістік-технологиялық, жобалау-конструкторлық, ғылыми-зерттеу және ұйымдастыру-басқару қызметінде саланың қазіргі заманғы даму үрдістерін білу қабілеті;

П6 – қалдығы аз және қалдықсыз технологияларды жасау үшін биотехнологиялық процестерді қолдану қабілеті, құрастырылған гендер мен генотиптерді құру әдістемесі мен биоқауіпсіздік бойынша негізгі заңдарды білу;

П7 – инновациялық әдістер мен бақылау құралдарын қолдана отырып, табиғи ортаның жай-күйіне экологиялық мониторингті жүзеге асыру, экологиялық

паспорттарды өз бетінше құру, экологиялық есептілік нысандарын толтыру қабілеті; Экологиялық кодекс пен басқа да нормативтік-заңнамалық құжаттарды талдау және жұмыс кезінде қолдану қабілеті.

О – Жалпы адамзаттық, әлеуметтік-этикалық құзыреттер

О1 – өзін-өзі дамытуға, өзінің біліктілігі мен шеберлігін арттыруға ұмтылу;

О2 – әлеуметтік маңызды мәселелер мен үдерістерді талдау қабілеті;

О3 – мәдени дәстүрлер мен әдет-ғұрыптардың әртүрлілігін қабылдау қабілеті, төзімділікке көзқарасы;

О4 – қоғамдық пікірге, дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға, қоғамдық нормаларға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды білу және өзінің кәсіби қызметінде оларға бағдар бере білу;

О5 – қоғамның әлеуметтік даму үрдістерін білу, әртүрлі әлеуметтік жағдайларда жеткілікті бағдарлай білу;

О6 – алдын алу мәселелерін қоса алғанда, салауатты өмір салты шарттарын түсіну және іс жүзінде пайдалану;

О7 – адам коммуникациясын қамтамасыз ететін деңгейде мемлекеттік, орыс тілдерін және шет тілдерінің бірін білу;

О8 – ақпараттық технологиялардың көмегімен өз бетінше сатып алу және практикалық қызметте жаңа білімдер мен біліктерді, соның ішінде қызмет саласымен тікелей байланысты емес жаңа білім салаларында пайдалану қабілеті.

С – Арнайы және басқарушылық құзыреттер

С1 – ойлау мәдениетін меңгеру, ақпаратты жинақтау, талдау, қабылдау, мақсат қою және оған қол жеткізу жолдарын таңдау қабілеті;

С2 – еңбекті ұйымдастыру және табиғатты қорғау іс-шараларын жүзеге асыру саласында басқарушылық шешімдерді табу және қабылдау қабілеті; тапсырмалардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

С3 – технологиялық процесті басқару нысаны ретінде талдау және техникалық-экономикалық құжаттаманы құру қабілеті;

С4 – технологиялық процестерді әзірлеу, жобалау және пайдалану кезінде қолданылатын шешімдерді қабылдау әдістері мен жобаларды басқару негіздерін меңгеру;

С5 – топтық жұмыс барысындағы қызметті басқару, бақылау және түзету, басқарушылық және орындаушылық кәсібилікті арттыру қағидаларын білу;

С6 – технологиялық тәртіпті, кәсіпорын жұмысының санитарлық-гигиеналық режимін, технологиялық жабдықтарды тиісті жағдайда ұстауды қамтамасыз ету, өндірістегі қауіпсіздік техникасы ережелерін және қоршаған ортаны қорғау ережелерін сақтауды ұйымдастыру

2.5 Қосымша Minor (degree) дәрежесін алу саясаты

6В052 - Қоршаған орта бағыты бойынша бағдарлама пәндері бойынша кемінде 24 кредит игерген кезде, оның ішінде мынадай міндетті пәндер *(егер бар болса):*

М1 – Экологиялық мониторинг

М2 – Геоэкология

М3 – Өндірістік қауіпсіздік негіздері

2.6 ECTS стандарты бойынша дипломға қосымша

Дипломға еуропалық қосымша (бұдан әрі-Еуропалық қосымша) немесе Diploma Supplement ECTS (кредиттерді қайта есептеудің еуропалық жүйесі) қатар жоғары білімнің Еуропалық кеңістігінде академиялық және кәсіби ұтқырлықты қамтамасыз етудің тиімді құралы болып табылады.

Қосымшаның мақсаты – халықаралық «айқындылықты» қамтамасыз ету және біліктілікті (дипломдарды, дәрежелерді, сертификаттарды және т.б.) объективті академиялық және кәсіби тануды қамтамасыз ету мақсатында толық тәуелсіз деректерді ұсыну.

Қойылатын талаптар:

1. Дипломға еуропалық қосымшаны Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті аккредиттелген білім беру бағдарламаларының түлектеріне Еуропалық комиссия, Еуропа Кеңесі және ЮНЕСКО өкілдерінен құрылған бірлескен жұмыс тобы әзірлеген үлгіге қатаң сәйкестікте ғана береді.

2. Дипломға Еуропалық қосымшада бағалау жоспарының ешқандай пайымдаулары, басқа оқыту бағдарламаларымен салыстырулар және осы дипломды немесе біліктілікті тану мүмкіндігіне қатысты ұсынымдар жоқ.

3. Дипломға Еуропалық қосымша сегіз бөлімнен тұрады және барлық бөлімдер бойынша мәліметтерді қамтуы тиіс. Ақпарат болмаған жағдайда дипломға Еуропалық қосымшаның қандай да бір бөлімінде міндетті мәліметтерді беруден бас тарту себептерін көрсету қажет.

4. Дипломға Еуропалық қосымша білім туралы шынайы құжатты әрдайым сүйемелдеуі тиіс, өйткені оның заңнамалық күші жоқ. Дипломға Еуропалық қосымшаның болуы оқу орнының мәртебесіне, оның біліктілігіне, сондай-ақ оның ұлттық жоғары білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде танылғандығы фактісіне кепілдік бермейді.

5. Дипломның әрбір Еуропалық қосымшасы кіріспемен басталуы тиіс:

«Дипломға осы қосымша Еуропалық комиссия, Еуропа Кеңесі және ЮНЕСКО/CEPES әзірлеген модельдер қажет. Қосымшаның мақсаты-халықаралық «айқындылықты» қамтамасыз ету және біліктілікті (дипломдарды, дәрежелерді, сертификаттарды және т.б.) объективті академиялық және кәсіби тануды қамтамасыз ету мақсатында толық тәуелсіз деректерді ұсыну. Қосымша

біліктілік туралы құжаттың түпнұсқасында аталған тұлға өткен және табысты аяқтаған оқу сипатының, деңгейінің және мәртебесінің сипаттамасын қамтиды. Қосымшада балама туралы пікір, өтініш немесе тану туралы ұсыныс шығаруға жол берілмейді. Деректер барлық сегіз бөлім бойынша ұсынылуы тиіс. Мұндай деректер болмаған жағдайда себеп көрсетілуі тиіс».

6. Дипломға Еуропалық қосымшада әрқашан атауы мен біліктілік дәрежесі; біліктілікті берген/басшылықты жүзеге асыратын оқу орнының атауы мен мәртебесі және біліктіліктің жіктелуі келтірілуі тиіс. Бұл деректердің барлығы мемлекеттік және ағылшын тілдерінде ұсынылуы тиіс, өйткені қате аударма біліктілік туралы пікір шығаратын адамдарды жаңылыстыруға әкеп соқтырады. Латын тілінен ерекшеленетін алфавит қолданылған жағдайда транслитерацияға рұқсат етіледі. Дәрежелер мен біліктілік атауларын сегізінші бөлімде жоғары білім беру жүйесінің сипаттамасымен байланыстыруға болады.

7. Оқу орындары өздері дипломға беретін еуропалық қосымшаларды бұрмалау мен бұрмалау мүмкіндіктерін минимумға дейін қысқарту жөнінде тиісті шаралар қабылдауы тиіс.

8. Аударма мен терминологияға ерекше назар аудару керек. Бұл салада туындайтын мәселелерді еңсеру үшін түпнұсқаның тілі құжатта көрсетілген жерде қолданылуы маңызды.

9. Дипломға Еуропалық қосымшада басқа елдерде алынған біліктіліктің бағасы нақты эквиваленттілікті емес, «әділ тану» іздейтін фактіні ескере отырып, алынған білімдерге, білімдерге және дағдыларға шоғырлануы тиіс.

Қосымша 8 міндетті тармақтардан тұрады және ағылшын және қазақ / орыс тілдерінде беріледі.

1. Біліктілік иесінің жеке басы туралы мәліметтер
2. Біліктілігі туралы мәліметтер
3. Біліктілік деңгейі туралы мәліметтер
4. Білім алу мазмұны және алынған нәтижелер туралы мәліметтер
5. Біліктілік қызметтері туралы мәліметтер
6. Қосымша мәліметтер
7. Қосымшаны куәландыру
8. Жоғары білім берудің ұлттық жүйесі

3 "Химиялық және биохимиялық инженерия" білім беру бағдарламасының оқу жоспары және элективтік (таңдау) пәндер

Оқу жылы	Код	Пән атауы	Цикл	Барлығы кредиттер	аудиторияның көлемі дәріс/лаб/пр/СРС	қайта есептеу коды	пререквизит
	1 семестр (күз 2020)						
	LNG 1051	Beginner (A1)	Ж	6	0/0/3/3	S4	
	LNG 1052	Elementary English (A1)					
	LNG 1053	General English 1 (A2)					
	LNG 1054	General English 2 (A2)					
	LNG 1055	Academic English (B1)					
	LNG1056	Business English (B2)					
	LNG1012	Қазақ (орыс) тілі (A2)	Ж	4	0/0/2/2	S1	Диагност. Тест
	LNG1012.1	Академиялық қазақ (орыс) тілі (B1)					
	LNG1012.2	Іскерлік қазақ (орыс) тілі (B2)					
1	AAP 106	Дене шынықтыру I	ж	4	0/0/2/2		
	MAT100	Алгебра және матанализ басы	Ж	6	1/0/2/3	S2	Диагност. Тест
	MAT101	Математика I					
	PHY110	Физикаға кіріспе	Ж	6	1/1/1/3	S3	Диагност. Тест
	PHY111	Физика I					
	BIO127	Жалпы биология	Ж	6	2/1/0/3		нет
	CBI101	Химияның іргелі негіздері	Ж	6	1/0/2/3		Диагност. Тест
	CBI102	Жалпы химия I /General Chemistry I			1/1/1/3		
	Барлығы:			**38**	**19**		
	3 семестр (күз 2021)						
	LNG 1053	General English 1 (A2)	Ж	6	0/0/3/3	жоқ	LNG 1052
	LNG 1054	General English 2 (A2)					LNG 1053
	LNG 1055	Academic English (B1)					LNG 1054
	LNG1056	Business English (B2)					LNG 1055
	LNG 1057	Professional English (B2+)					LNG1056
2	MAT102	Математика II	Б	6	1/0/2/3	жоқ	MAT101
	MAT103	Математика III					MAT102
	HUM124	Философия	Ж	6	1/0/2/3	S6	жоқ
	PHY112	Физика II	Ж	6	1/1/1/3		PHY111
	2201	Электив					
	CHE153	Органикалық химия I (алифатты қосылыстар химиясы)/ Organic Chemistry I	Ж	6	1/1/1/3		

Код	Пән атауы	Цикл	Барлығы кредиттер	аудиторияның көлемі дәріс/лаб/пр/СРС	қайта есептеу коды	пререквизит
2 семестр (көктем 2021)						
LNG 1052	Elementary English (A1)	Ж	6	0/0/3/3	S4	LNG 1051
LNG 1053	General English 1 (A2)					LNG 1052
LNG 1054	General English 2 (A2)					LNG 1053
LNG 1055	Academic English (B1)					LNG 1054
LNG1056	Business English (B2)					LNG 1055
LNG 1057	Professional English (B2+)					LNG1056
LNG1102.1	Академиялық қазақ (орыс) тілі (B1)	Ж	6	0/0/3/3	S1	LNG10121
LNG1102.2	Іскерлік қазақ (орыс) тілі (B2)					LNG1012.1
1101	ЭЛЕКТИВ					LNG1012.2
AAP 1118	Дене шынықтыру I,II	ж	4	0/0/2/2		
MAT101	Математика I	Б	6	1/0/2/3	S2	MAT100
MAT102	Математика II					MAT101
PHY111	Физика I	Б	6	1/1/1/3	S3	PHY110
PHY112	Физика II					PHY111
HUM113	Қазақстаннның қазіргі заман тарихы	Ж	6	2/0/1/3	S6	жоқ
CBI101	Химияның іргелі негіздері	Ж	6	1/0/2/3		
CBI102	Жалпы химия I /General Chemistry I			1/1/1/3		
CBI104	Жалпы химия II /General Chemistry II			1/1/1/3		CBI102
Барлығы:			**40**	**20**		
4 семестр (көктем 2022)						
HUM126	Әлеуметік-саясаттану білім	Ж	8	4/0/0/4	S6	нет
LNG 1054	General English 2 (A2)	Ж	6	0/0/3/3	жоқ	LNG 1053
LNG 1055	Academic English (B1)					LNG 1054
LNG1056	Business English (B2)					LNG 1055
LNG 1057	Professional English (B2+)					LNG1056
	Электив					LNG1056
MAT103	Математика III	Б	6	1/0/2/3	жоқ	MAT102
MAT126	Жай дифференциалдық теңдеулер. Matlab.					MAT103
CHE174	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	Ж	6	2/0/1/3	S5	жоқ
CHE154	Органикалық химия II (циклді қосылыстар химиясы) / Organic Chemistry II	Б	6	1/1/1/3		CHE153

	CHE585	Физикалық химия	Ж	8	2/1/1/4			BIO181	Биохимия	Б	6	2/1/0/3		
								CBI109	Жалпы химиялық технология	Б	6	2/1/0/3		
	Барлығы:			**38**	**19**			**Барлығы:**			**44**	**22**		
3	**5 семестр (күз 2022)**							**6 семестр (көктем 2023)**						
	MAT126	Жай дифференциалдық теңдеулер. Matlab.	Б	6	1/0/2/3		MAT103	MAT127	Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер. Matlab.	Б	6	1/0/2/3		MAT126
	MAT127	Дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер. Matlab.					MAT126	3302	Электив					
	BIO131	Биотехнология негіздері	Б	6	2/0/1/3		BIO127	3303	Электив	П	6			
	CBI112	Химиялық және биологиялық технологиялардың негізгі процестері мен аппараттары I / Transport Phenomena I (Heat transfer & Equipment)	Б	6	2/1/0/3		CBI109	CBI113	Химиялық және биологиялық технологиялардың негізгі процестері мен аппараттары II / Transport Phenomena II (Mass transfer & Equipment)	П	6	2/1/0/3	нет	CBI112
	CBI115	CAD химиялық және биологиялық инженерия I / CAD I	Б	6	2/1/0/3			AUT146	Автоматтандыру негіздері	Б	6	2/1/0/3	P1-3	PHYS111
	3301	Электив	П	6				CBI116	CAD химиялық және биологиялық инженерия II / CAD II	П	6	2/1/0/3		CBI115
	Барлығы:			**30**	**15**			**Барлығы:**			**30**	15		
4	**7 триместр (күз 2023)**							**8 триместр (көктем 2024)**						
	SAF104	Өндірістік экология және өнеркәсіптік қауіпсіздік	П	6	1/0/2/3	жоқ		BIO414	Экологиялық мониторинг	П	6	1/0/2/3		
	CHE587	Кәсіпорынды жобалау негіздері / Process Design	П	6	2/0/1/3	жоқ		4302	Электив/Elective	П	6	2/0/1/3		
	BIO410	Геоэкология	П	6	1/0/2/3	жоқ								
	4301	Электив/Elective	П	6		жоқ		ECA101	Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және жазу	ҚА	4			
	ECA101	Дипломдық жұмысты (жобаны) дайындау және жазу	ҚА	4				ECA101	Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау	ҚА	6			
	Барлығы:			**28**	**12**			**Барлығы:**			**22**	**6**		

Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)

Оқу жылы	Код	Атауы	Кредит саны	Семестр
1	AAP107	Спорт клубы секциясы	0	2
2-3	AAP500	Әскери дайындық	0	3-6

Барлық оқу мерзіміндегі кредит саны

Пән циклдары	Кредиттер		
	міндетті	таңдау	Барлығы
Жалпы білім беретін пәндер циклы (Ж)	50	12	62
Базалық пәндер циклі (Б)	110	12	122
Профилдік пәндер циклі (П)	42	18	60
Теориялық оқыту бойынша барлығы:	202	42	**244**
Қорытынды аттестаттау (ҚА)	14	0	**14**
Жалпы:	216	42	**258**
Қосымша оқу	8	0	**8**
БАРЛЫҒЫ:	224	42	**266**

2020-2021 оқу жылында қабылданғандар үшін ББ ЭЛЕКТИВТІК ПӘНДЕРІ
" 6В07110 - "Химиялық және биохимиялық инженерия"

Оқу түрі: күндізгі Оқу мерзімі: 4 жыл Академиялық дәрежесі: Техника және технологиялар бакалавры

Оқу жылы	Электив коды	Пән коды	Пәннің аталуы	Цикл	Кредиттер	дәр/зерт/тәж	Пререквизиттері
2 семестр (көктем 2021) ЖК ТК							
